

"Іскер аймақ" шағын бизнесті қолдаудың бірыңғай бағдарламасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 30 желтоқсандағы № 1176 қаулысы.

Мемлекет басшысының 2025 жылғы 5 желтоқсанда "Алтын сапа" және "Парыз" сыйлықтарының лауреаттарын, сондай-ақ "Қазақстанның үздік тауары" конкурсының жеңімпаздарын марапаттау рәсімінде айтылған Шағын бизнесті қолдаудың бірыңғай бағдарламасын шұғыл қабылдау туралы тапсырмасын орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі 94-бабының 3-тармағына және 96-бабының 5-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

- 1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау қағидалары;
- 2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне қаржылай емес қолдау шараларын ұсыну қағидалары;
- 3) осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне инфрақұрылымдық қолдау көрсету қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2025 жылғы 30 желтоқсандағы
№ 1176 қаулысына
1-қосымша

Сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау қағидалары

1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Осы Сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі (бұдан әрі – Кодекс) 94-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді және шағын бизнес субъектілерінің жобалары бойынша субсидия беру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидалар шеңберінде кредиттер/лизингтік мәмілелер бойынша сыйақы мөлшерлемесінің/тауарларға үстемеақының және жалдау төлемінің бір бөлігін субсидиялау түрінде қолдау көрсетіледі.

3. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) банк-төлем агенті – лизинг компаниясының қаржы агенттігімен келісілген және лизинг компаниясының жобалар бойынша субсидияларды аударуға және есептен шығаруға арналған арнайы шотын жүргізу жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын уәкілетті банкі;

2) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган – бюджетті атқару, республикалық бюджеттің және өз құзыреті шегінде жергілікті бюджеттердің, бюджеттен тыс қорлардың атқарылуы бойынша бухгалтерлік есепке алуды, бюджеттік есепке алу мен бюджеттік есептілікті жүргізу саласында басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектерде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

3) жобаны іске асыру – кәсіпкер жүзеге асыратын және қаржы институтының шешімінде айқындалған мақсаттар мен шарттарға қол жеткізуге бағытталған іс-қимылдар мен іс-шаралар жиынтығы, оның ішінде шығатын тауардың бар-жоғы, қызметтер көрсету, лизинг нысанасын пайдалану; негізгі құралдарды сатып алуға және (немесе) салуға және (немесе) жаңғыртуға және (немесе) реконструкциялауға және (немесе) күрделі жөндеуге мақұлданған жобалар бойынша – қаржы институтының шешіміне сәйкес кәсіпкердің мәлімделген қызметті жүзеге асыруы және объектіні пайдалануға қабылдау актісінің болуы;

4) кәсіпкер – Кодекске сәйкес айқындалатын және жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлік субъектісі мәртебесіне ие шағын және микрокәсіпкерлік субъектісі, оның ішінде "Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ауыл шаруашылығы кооперативтері болып табылатын заңды тұлғалар;

5) қаржы агенттігі – "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қор);

6) қаржы агенттігінің уәкілетті органы – қызметін өзіне қаржы агенттігінің жарғысымен, қаржы агенттігінің кредиттік саясатымен берілген және қаржы агенттігінің ішкі құжаттарында бекітілген өкілеттіктер шеңберінде жүзеге асыратын, тұрақты жұмыс істейтін алқалы орган;

7) қаржы институты – екінші деңгейдегі банк/лизинг компаниясы/ислам банкі/ислам лизинг компаниясы;

8) қаржы құралын мақсатқа сай пайдалану – шарт бойынша алынған кредитті кәсіпкердің осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келетін мақсаттарға пайдалануы (қаржы құралын мақсатқа сай пайдалану кәсіпкердің төлем жүргізгенін, активті/жұмыстарды/көрсетілетін қызметтерді толық көлемде алғанын және пайдаланғанын және (немесе) осы Қағидалардың талаптарына сәйкес басқа да мақсаттарға қол жеткізгенін растайтын тиісті құжаттар жиынтығымен расталады);

9) Қордың уәкілетті органы – қаржы агенттігінің тұрақты жұмыс істейтін, қаржы агенттігінің уәкілетті органының құзыреті мен өкілеттіктеріне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға құқығы бар алқалы органы;

10) өңірлік үйлестіруші – кәсіпкерлік саласындағы жергілікті атқарушы органның облыс (астана, республикалық маңызы бар қалалар) әкімі айқындайтын құрылымдық бөлімшесі;

11) субсидиялар – банктік қарыз шарты/қаржы лизингі шарты/ қаржыландыру шарты/ислам лизингі шарты (бұдан әрі – шарт) негізінде кредиттер/лизингтік мәмілелер/қаржыландыру (бұдан әрі – қаржы құралы) бойынша кәсіпкерлерді субсидиялау шеңберінде қаржы институтына қаржы агенттігі төлейтін өтеусіз және қайтарымсыз негіздегі мерзімді төлемдер;

12) уәкілетті орган – Кодекстің 85-бабының 3-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ереженің 13-тармағының 17) тармақшасына сәйкес кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган.

4. Субсидиялау жергілікті және (немесе) республикалық бюджеттердің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Бұл ретте республикалық бюджет қаражаты былайша бөлінеді:

1) бюджет қаражатының 70 %-ы осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген облыстарды, Алматы және Астана қалаларын қоспағанда, Қазақстан Республикасының барлық өңірлерінде іске асырылатын жобаларды субсидиялауға жіберіледі;

2) бюджет қаражатының 30 %-ы Абай, Ұлытау, Жетісу, Солтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстарының әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктері мен стратегиялық даму міндеттері ескеріліп оларда іске асырылатын жобаларды субсидиялауға жұмсалады.

Ұлытау, Абай, Жетісу, Қызылорда және Солтүстік Қазақстан облыстарында субсидиялауға бөлінген қаражат толық игерілмеген жағдайда пайдаланылмаған қаражатты қаржы агенттігінің уәкілетті органмен келісу бойынша көрсетілген облыстар арасында не қажеттілік пен жобаларды іске асыруға әзірлікті ескере отырып, Қазақстан Республикасының өзге де облыстарына қайта бөлуіне жол беріледі.

Республикалық бюджет есебінен субсидиялау үшін көзделген қаражатты уәкілетті орган қаржы агенттігінің арнайы шотына аударуға жасалатын шарт негізінде қаржы агенттігіне аударады.

Өңірлік үйлестіруші жергілікті бюджет есебінен субсидиялау үшін көзделген қаражатты қаржы агенттігінің уәкілетті органы бекітетін субсидиялауға қаражат аударуға жасалатын шарт негізінде қаржы агенттігінің арнайы шотына аударады.

Қаржы институты қаржы агенттігіне субсидия сомаларын аудару үшін ағымдағы шот ашады.

Занды тұлғалардың банктік шоттарын ашуға және жүргізуге құқығы жоқ қаржы институттары қаржы агенттігімен келісу бойынша қаржы институты субсидия аудару үшін ағымдағы шот ашатын банк-төлем агентін айқындайды.

Қаражатты қайта бөлу осы Қағидаларды тиімді іске асыруды қамтамасыз ету және бюджет қаражатының игерілмеуіне жол бермеу мақсатында ғана жүзеге асырылады.

Республикалық бюджеттен субсидиялауға қаражат жеткіліксіз болған кезде өңірлік үйлестіруші жергілікті бюджет қаражаты есебінен субсидиялау үшін қосымша қаражат бөлуді қамтамасыз етеді.

5. Қаржы агенттігі субсидия алған жобалар бойынша тиімділіктің жалпы кешенді жылдық талдамалық есебін (бұдан әрі – есеп) қалыптастыру мақсатында есепті жылдан кейінгі жылдың шілдесінен кешіктірмей есеп нәтижелерін уәкілетті органға жібереді.

6. Уәкілетті орган қаржы агенттігімен жасалатын тиісті шарт негізінде оған республикалық бюджет қаражаты есебінен осы Қағидалар шеңберінде қызметтер ұсынғанына ақы төлейді.

7. Қаржы құралдары ұлттық валютада (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес пайдаланылған жағдайда цифрлық теңгені қоса алғанда) беріледі.

2-тарау. Сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау тәртібі

1-параграф. Субсидия беру шарттары

8. Осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес экономикалық қызметтің басым түрлерінің тізбесі бойынша, сондай-ақ "Атамекен" Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының ішкі нормативтік құжаттарымен бекітілген экономика салаларына рейтинг беру әдістемесі бойынша жергілікті атқарушы органдар айқындаған экономикалық қызмет түрінде және уәкілетті органмен келісу бойынша өз жобаларын іске асыратын және (немесе) іске асыруды жоспарлайтын кәсіпкерлер осы Қағидалардың 7, 55 және 56-тармақтарында көрсетілген талаптарды сақтауы шартымен субсидиялауға қатысушы болады.

Жергілікті атқарушы органдар айқындаған және уәкілетті органмен келісілген экономика секторларының тізбесін уәкілетті орган қаржы агенттігіне ресми құжат айналымы тәртібімен береді.

"Ауыл аманаты" бағдарламасы және "Бір ауыл – бір өнім" жобасы шеңберінде іске асырылатын жобалар, сондай-ақ ауыл шаруашылығы кооперативтері іске асыратын жобалар басым бағыттарға жатады және субсидия алуға өтініш берген кезде бірінші кезекте (басымдықпен) қаралады.

Осы Қағидалар шеңберінде қолдау алған кәсіпкерлерге кепілдік қоры шеңберінде кепілдік беруге және олардың "Өнеркәсіпті дамыту қоры" акционерлік қоғамы басқармасының 2025 жылғы 29 қазандағы шешімімен бекітілген "Өңдеу өнеркәсібіндегі шағын және орта бизнес кәсіпорындарының өндірістік қуаттарын

жаңғыртуды "Өнеркәсіпті дамыту қоры" АҚ-ның шартты лизингілік қаржыландыруының шарттары" бағдарламасы шеңберінде қолдау алуына жол береді.

9. Субсидиялау инвестицияға және айналым қаражатын толықтыруға бағытталған тиімді жаңа жобаларды іске асыру үшін қаржы институты беретін жаңа қаржы құралдары бойынша жүзеге асырылады.

Инвестиция деп негізгі құралдарды сатып алу және (немесе) салу және (немесе) жаңғырту және (немесе) реконструкциялау және (немесе) күрделі жөндеу, биологиялық және (немесе) материалдық емес/материалдық активтерді сатып алу (осы анықтамада көрсетілген мақсаттарға байланысты ақы төлеу шоттарына сәйкес негізгі құралдардың/биологиялық/материалдық/материалдық емес активтердің құнына енгізілген қосылған құн салығы бойынша шығыстар да инвестицияға жатады).

Айналым қаражатын толықтыру деп қаржы құралын кәсіпкердің өзінің операциялық (ағымдағы) қызметін жаңартылатын/жаңартылмайтын негізде қамтамасыз етумен байланысты пайдалануы түсініледі және салық міндеттемелерін, зейнетақы және әлеуметтік аударымдарды, кедендік төлемдерді/алымдарды/баждарды төлеу бұған кірмейді.

Тиімді жаңа жобалар деп кәсіпкерлердің мынадай талаптарға сәйкес келетін жобалары түсініледі:

инвестициялық мақсаттарға:

қолдау алған жылдан кейінгі 2 (екі) қаржы жылының қорытындысы бойынша кредиттің әрбір 100 (жүз) миллион теңгесіне жаңа жұмыс орындарын, бірақ әрбір жоба бойынша кемінде бір жұмыс орнының құрылуы;

субсидиялау мерзімі аяқталғанға дейін бір қаржы жылының қорытындысы бойынша және жыл сайын кірістің жинақталған инфляция деңгейінен төмен емес деңгейде міндетті түрде ұлғаюы;

айналым қаражатын толықтыруға:

субсидиялау мерзімі аяқталғанға дейін бір қаржы жылының қорытындысы бойынша және жыл сайын кіріс пен еңбекақы төлеу қорының жинақталған инфляция деңгейінен төмен емес деңгейде міндетті түрде ұлғаюы.

Тиімділік көрсеткіштерін есептеу үшін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің/салық декларациясының деректері және (немесе) бюджетпен есеп айырысудың жай-күйі туралы дербес шоттан үзінді-көшірмеге сәйкес деректер пайдаланылады. Бұл ретте тиімділік көрсеткіштерін есептеген кезде субсидиялаудың қай күні басталғанына қарамастан, келесі қаржы жылының басталуы есептік күн болып табылады.

Бұл ретте жоғарыда көрсетілген көрсеткіштерді субсидиялау түрінде тікелей қолдау алған/алатын кәсіпкер растайды.

10. Бұған дейін қаржы агенттігіне шарттың немесе төлем графигінің көшірмелері немесе шарт бойынша деректер қаржы агенттігінің автоматтандырылған сервисіне

жіберілген күнге дейінгі 12 (он екі) ай ішінде қаржы институты берген жаңа қаржы құралдары да субсидияланады.

11. Субсидияланатын қаржы құралының сомасы субсидиялау жүзеге асырылатын, оның ішінде онымен үлестес тұлғалар/компаниялар бойынша қолданыстағы қаржы құралдарының бәрін есепке алғанда бір кәсіпкер үшін 200 (екі жүз) миллион теңгеден аспайды.

Бұл ретте қаржы институты мәміле периметріне кіретін және қаржы институтының уәкілетті органдарының материалдары мен шешімдерінде көрсетілген барлық заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерді есепке алуды қамтамасыз етеді.

200 (екі жүз) миллион теңге болатын жиынтық лимитті есептеу қарыз алушыға және қаржы институты айқындаған онымен үлестес тұлғаларға қатысты субсидиялау жүргізілетін қаржы құралдарының жиынтық көлемі негізге алынып жүзеге асырылады.

Негізгі борыш мерзімінен бұрын ішінара/толық өтелсе, осы Қағидаларда белгіленген сома шегінде жаңа қаржы құралдарын қайта алуға жол беріледі.

12. Субсидиялау номиналды мөлшерлемесі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – ҚР ҰБ) белгілеген және 4 (төрт) пайыздық тармаққа ұлғайтылған базалық мөлшерлемеден тұратын қаржы құралы бойынша жүзеге асырылады.

Субсидиялау мөлшері номиналды мөлшерлеменің 40 %-ын құрайды, номиналды мөлшерлемеден айырманы кәсіпкер төлейді, бұл ретте кәсіпкер үшін мөлшерлеме кемінде 12,6 %-ды құрайды. ҚР ҰБ белгілеген базалық мөлшерлеме 17 %-дан төмендеген жағдайда кәсіпкер төлейтін мөлшерлеме 12,6 % деп белгіленеді, ал айырмасын қаржы агенттігі субсидиялайды.

Номиналды мөлшерлемені есептеген кезде ҚР ҰБ белгілеген және кәсіпкердің жобасы бойынша қаржы институты шешім шығарған сәтте қолданыста болған базалық мөлшерлеме ескеріледі.

13. Қаржы құралы бойынша субсидиялау мерзімі субсидиялау мерзімін ұзарту құқығынсыз 3 (үш) жылды құрайды.

14. Қаржы институты:

- 1) шарттардың кәсіпкер бастамасымен өзгеруіне байланысты болған;
- 2) кәсіпкердің қаржы құралы бойынша міндеттемелерді бұзуы себебінен алынатын;
- 3) тәуелсіз бағалау, сақтандыру жүргізуге, кепіл шартын тіркеуге және ауыртпалықты жоюға байланысты болған;
- 4) есеп айырысу-кассалық қызмет көрсету бойынша төлемдерді қоспағанда, осы Қағидалар шеңберінде субсидия берілетін қаржы құралдары бойынша қандай да бір комиссия, алым және (немесе) өзге де төлем (бұдан әрі – комиссия) алмайды.

Бұған дейін қаржы агенттігіне шарт көшірмесі жіберілген күнге дейінгі 12 (он екі) ай ішінде беріліп, ол бойынша қаржы институты субсидия басталғанға дейін осы

Қағидалардың осы тармағында көзделмеген комиссияларды ұстап қалған қаржы құралы субсидияланған жағдайда қаржы институты субсидиялау басталған күннен бастап 3 (үш) ай ішінде кәсіпкерге ұстап қалынған комиссияларды өтейді.

15. Субсидиялау жүзеге асырылатын инвестициялық жобаларды іске асыру мерзімі субсидиялау басталған күннен бастап 24 (жиырма төрт) айдан аспауға тиіс.

Мынадай:

1) жобаның орындалуына әсерін тигізетін табиғи апат, соғыс, эпидемия сияқты форс-мажорлық мән-жайлар;

2) жобаны іске асыру басталған кезде болжау мүмкін болмаған және бейімделу үшін қосымша уақытты талап ететін заңнамадағы елеулі өзгерістер;

3) жобаны іске асыру процесінде туындаған техникалық, экономикалық немесе өндірістік қиындықтардың субсидия алатын кәсіпкер тарапынан атүсті қарау немесе немқұрайлылық нәтижесі болмауы шартымен осы қиындықтарға байланысты күтпеген мән-жайлар орын алған кезде осы Қағидаларда белгіленген мерзім өткеннен кейін 1 (бір) қаржы жылынан аспайтын қосымша мерзім беруге жол беріледі.

2-параграф. Қаржы институтына арналған лимитті айқындау

16. Қаржы институттарына арналған лимиттерді Қордың уәкілетті органы жыл сайын бекітеді. Бұл ретте Қордың уәкілетті органының қаржы институттарына арналған лимиттерді жыл ішінде қайта қарауына жол беріледі.

17. Лимит бөлуге қатысу үшін қаржы институты мына талаптарға сай болады:

1) ҚР ҰБ-ның пруденциалдық және өзге де нормативтерін орындау;

2) қаржы агенттігінің басқару органы бекітетін ішкі құжаттарға сәйкестік.

18. Қатысушы лизинг компанияларына қойылатын ең төмен талаптар, атап айтқанда :

1) соңғы есепті кезең күніндегі жағдай бойынша лизинг компаниясының меншікті капиталы 1 (бір) миллиард теңгеден төмен болмай, оның қаржылық есептілікпен расталуы;

2) негізгі қызметтің өтінім беретін жылдың алдында кемінде 1 (бір) жыл жүзеге асырылуы.

19. Лимит айқындалғаннан кейін қаржы институты мен қаржы агенттігі арасында субсидиялау туралы келісім жасалады, онда мыналар:

1) лимиттерді игеру мерзімдері;

2) субсидия төлеу тәртібі;

3) жобалардың іске асырылуын мониторингілеуді жүзеге асыру;

4) босаған лимиттерді субсидиялау тоқтатылған жобалар арасында қайта бөлу шарттары (қаражатты мақсатқа сай пайдаланбау/жобаның және (немесе) кәсіпкердің осы Қағидалардың шарттарына сәйкес келмеуі) көрсетіледі.

Өзге шарттар тараптардың субсидиялау туралы келісуі бойынша айқындалады және жазбаша нысанда ресімделеді.

20. Субсидиялау үшін жергілікті/республикалық бюджет қаражаты болмаған жағдайда қаржы институтынан қаржы құралдары бойынша шарт қабылданбайды.

3-параграф. Субсидия беру тәртібі

21. Кәсіпкер қаржы институтына қаржы құралын ұсыну туралы өтініммен жүгінеді.

22. Қаржы институты жобаның қаржы-экономикалық тиімділігіне кешенді бағалау/сараптама жүргізеді.

Көрсетілген бағалау/сараптама аяқталғаннан кейін қаржы институты қаржы агенттігінің филиалдарына кәсіпкердің өтінімі бойынша Қордың уәкілетті органы бекіткен нысан бойынша келісу үшін чек-парақ жібереді.

Қаржы агенттігі 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған чек-парақ негізінде кәсіпкердің өтінімін келісуді жүзеге асырады.

23. Қаржы агенттігінің филиалы чек-парақта көрсетілген мәліметтердің осы Қағидалардың шарттарына сәйкес келмейтінін анықтаған жағдайда қаржы агенттігі чек-парақты алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде қаржы институтына ескертулерді жою үшін дәлелді бас тарту не кәсіпкерге субсидия беруден бас тарту жібереді.

24. Субсидиялағанға дейін қаржы институты қолданыстағы қаржы құралы бойынша кәсіпкердің шартта көзделген негізгі борыш пен сыйақыны уақтылы өтеу жөніндегі міндеттемелерді орындамағаны үшін айыппұлдар мен өсімпұлдарды есептен шығарады.

25. Қаржы институты қаржы құралын беру туралы оң шешім қабылдаған жағдайда, сондай-ақ қаржы агенттігінің келісімін жазбаша түрде алғаннан кейін және субсидиялау шеңберінде шарт жасасқаннан кейін қаржы институты қаржы агенттігіне:

1) шарттың не төлем графигінің көшірмесін немесе қаржы агенттігінің автоматтандырылған сервисіне шарт бойынша деректерді береді. Бұл ретте ұсынылатын құжаттарда субсидиялау мерзімінің басталуы қаржы агенттігіне жіберілген күнге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен асырмай белгіленеді;

2) Қордың уәкілетті органы бекіткен нысан бойынша хабарлама-хат (деректер қаржы агенттігінің автоматтандырылған сервисіне жіберілген жағдайда хабарлама-хат талап етілмейді);

3) Қордың уәкілетті органы бекіткен нысан бойынша кәсіпкердің өтінімі бойынша чек-парақ береді.

26. Шартқа қол қойған кезде кәсіпкер өзіне қаржы құралын мақсатқа сай пайдалану бойынша және (немесе) жобаның осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігі

тұрғысынан міндеттеме қабылдайды. Кәсіпкер осы міндеттемелерді орындамаса субсидиялау тоқтатылады, кәсіпкер төленген субсидия сомасын қаржы агенттігіне өтейді.

27. Шартқа қол қойылуына қарай қаржы институты қаржы агенттігіне осы Қағидалардың 25-тармағын ескеріп, төлемдерді жүзеге асыру үшін құжаттар топтамасын ұсынады.

28. Жобалар бойынша субсидия тиісті өңірлік үйлестірушіден/уәкілетті органнан қаражат болған кезде төленеді.

Бюджетте субсидиялауға қаражат болмаған жағдайда субсидияланатын және субсидияланбайтын бөліктерін кәсіпкер төлейді. Бюджет қаражаты түскен кезде қаржы агенттігі субсидияланатын бөлігін төлем графигіне сәйкес кәсіпкерге өтейді.

29. Субсидиялау үшін көзделген қаражатты аударуды қаржы агенттігі алдыңғы кезеңдер үшін субсидиялардың өтелуін ескере отырып, қаржы институтының/банк-төлем агентінің ағымдағы шотына қаржы институты берген шарттың төлем графигіне сәйкес ай сайын аванстық төлемдермен (айына бір рет/бірнеше рет) жүзеге асырады.

Қаржы институты алынатын субсидия сомасын осы Қағидалардың нормаларын ескере отырып өзі есептейді. Қаржы агенттігі көрсетілген есеп-қисаптарды тексеруді жүзеге асырмайды.

Субсидиялау үшін көзделген қаражатты аударумен бір мезгілде қаржы агенттігі қаражатты аудару туралы құжаттың көшірмесін электрондық поштамен жіберу арқылы қаржы институтын хабардар етеді. Хабарламада қаржы институтының атауы, өңір, кәсіпкердің атауы, субсидия сомасы және төлем жүзеге асырылған кезең көрсетіледі.

30. Кәсіпкерлердің жобалары бойынша субсидиялау үшін көзделген қаражатты аударуды қаржы институтының/банк-төлем агентінің кредиттік рейтингі төмендеген және қаржылық жағдайы нашарлауының өзге де белгілері болған жағдайда (бір немесе бірнеше жағдайдың басталуы), оның ішінде:

халықаралық рейтингілік агенттіктердегі кредиттік рейтинг Standard&Poors рейтингінің шәкілі бойынша "B" деңгейінен төмендеген;

K4 коэффициентінің мәні 0,4 деңгейінен төмендеген;

қатарынан 2 (екі) ай бойы пруденциалдық нормативтер бұзылған кезде қаржы агенттігі кәсіпкердің қаржы құралы бойынша толық төлем (негізгі борыш, субсидияланатын және субсидияланбайтын бөлік) жасауы фактісі туралы қаржы институтының хабарламасы негізінде не шарттың төлем графиктерін негізге алып қысқа мерзімді кезеңге субсидияланатын бөлігі бойынша кәсіпкердің алдағы міндеттемелерін жабатын төлемдермен жүзеге асырады.

Қаржы институтының/банк-төлем агентінің жоғарыда көрсетілген көрсеткіштері түзелген жағдайда қаржы агенттігі субсидиялау үшін көзделген қаражатты аударуды

шарттың төлем графиктерін ескере отырып аванстық төлемдермен (айына бір рет/ бірнеше рет) жүзеге асырады.

31. Қаржы институты қаржы агенттігінің хабарламасы негізінде қаржы агенттігінің хабарламасында көрсетілген кәсіпкерлердің жобалары бойынша субсидия сомасын қаржы агенттігінің/банк-төлем агентінің ағымдағы шотынан есептен шығаруды жүзеге асырады.

Қаржы институты хабарламаға сәйкес келмейтін/қаржы агенттігінің қаражатты қаржы агенттігінің/банк-төлем агентінің ағымдағы шотынан аударғаны туралы хабарлама болмаған субсидияларды есептен шығарған жағдайда қаржы институты субсидияларды қаржы агенттігінің жазбаша нысандағы хабарламасын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қаржы агенттігінің/банк-төлем агентінің ағымдағы шотына қайтаруды жүзеге асырады.

32. Қаржы институты субсидияларды шарттың төлем графигі бойынша жоспарлы төлемнен аспайтын қалдық сомасы шегінде ішінара мерзімінен бұрын өтеуге сәйкес есептеліп өзгертілген өтеу графиктері бойынша өтейді.

33. Кәсіпкер қаржы институтына субсидияланбайтын бөлікті төлеуді шартқа сәйкес өтеу графигі бойынша жүргізеді.

34. Кәсіпкердің қаржы құралы (негізгі борыш және субсидияланбайтын бөлік) бойынша төлемді толық төлеуді жүргізу фактісі бойынша қаржы институты қаржы агенттігінің ағымдағы шотынан кәсіпкердің қаржы құралы бойынша субсидияланатын бөлікті өтеу есебіне ақшаны есептен шығаруды:

1) кәсіпкер қаржы құралы бойынша жоспарлы төлемді өтеген күні қаржы агенттігінің шотында қаражат болған;

2) график бойынша өтеу күнінен кейін қаржы агенттігінен қаражат түскен кезде жүзеге асырады.

35. Қаржы институты кәсіпкер берешекті өтегенге дейін субсидияланатын бөлікті өтеу үшін қаражатты қаржы агенттігінің ағымдағы шотынан есептен шығармайды және бұл туралы қаржы агенттігін 5 (бес) жұмыс күні ішінде:

1) кәсіпкер төлемдерді төлеу бойынша екінші деңгейдегі банк/ислам банкі алдындағы міндеттемелерін қатарынан 3 (үш) ай бойы орындамаған;

2) кәсіпкер лизинг компаниясы/ислам лизинг компаниясы алдында лизингтік төлемдер енгізу жөніндегі міндеттемелерін қатарынан 2 (екі) және одан да көп рет орындамаған жағдайларда тиісті хатпен хабардар етеді.

36. Қаржы институты қаржы құралы ұсынылғаннан кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде ресми хатпен/web-сервис арқылы осы Қағидалардың 11-тармағында көрсетілген қаржы құралының сомасы бойынша талапты сақтау үшін қарыз алушы туралы ақпаратты қаржы агенттігіне жібереді.

37. Қаржы агенттігінің қаржы институтына субсидия төлеуі қаржы институты және қаржы агенттігі арасындағы субсидиялау туралы келісімде көрсетілген рәсімдерге сәйкес жүзеге асырылады.

38. Тиісті уәкілетті органнан/өңірлік үйлестірушіден субсидиялау үшін түскен бюджеттен берілетін қаражат болмаған жағдайда, оның ішінде қаржы агенттігі белгілеген субсидиялау лимиті бар болса, қаржы агенттігі тиісті уәкілетті органнан/өңірлік үйлестірушіден қаражат алған кезге дейін қаржы институтынан осы Қағидалардың 25-тармағында көрсетілген құжаттарды қабылдамайды.

39. Кәсіпкердің қаржы құралы бойынша негізгі борыш ішінара мерзімінен бұрын өтелген жағдайда қаржы институты 2 (екі) жұмыс күні ішінде қаржы агенттігіне шартқа қосымша келісімнің көшірмесін не төлемдерді өтеудің өзгертілген графигімен қаржы институтының электрондық форматтағы (XLS немесе XLSX) хатын жібереді, онда төленуге тиіс субсидия сомасы көрсетіледі.

40. Кәсіпкер күнтізбелік бір ай ішінде қаржы құралы бойынша негізгі борышты бірнеше рет мерзімінен бұрын ішінара өтеген жағдайда қаржы агенттігіне осындай жағдайлар бойынша біріктірілген шартқа қосымша келісімнің көшірмесін не төлемдерді өтеудің өзгертілген графигі және төленуге тиіс субсидия сомасы көрсетілген электрондық форматтағы (XLS немесе XLSX) қаржы институтының хатын беруге рұқсат етіледі.

Бұл ретте хабарлау мерзімдері қаржы институты мен қаржы агенттігі арасындағы субсидиялау туралы келісімде көрсетілген.

41. Қаржы құралы бойынша негізгі борыш мерзімінен бұрын толық өтелген жағдайда қаржы институты 7 (жеті) жұмыс күні ішінде қаржы агенттігіне өзара есеп айырысуды салыстырып қарау актісін тапсырады.

42. Мынадай жағдайларда субсидия төлеу тоқтатылады:

1) қаржы институтының алдында шарт бойынша қаржы құралының толық өтелуі (кәсіпкердің қаржы институтына қаржы құралын толық өтеген күні субсидиялау тоқтатылған күн болып саналады);

2) субсидиялаудың тоқтатылғаны туралы қаржы агенттігін хабардар ету;

3) кәсіпкердің бұрын қол қойылған өтініші бойынша субсидиялау шарттарынан кәсіпкердің өз бастамасы бойынша бас тартуы.

4-параграф. Субсидиялауды тоқтата тұру, тоқтату және қайта бастау

43. Қаржы агенттігі кәсіпкерді субсидиялауды қаржы институтының қолдаухаттары (хабарламалары), сондай-ақ мониторинг нәтижелері негізінде тоқтатады/қайта бастайды.

44. Қаржы институты мынадай жағдайларды анықтаған кезден бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей және (немесе) қаржы агенттігінің мониторинг туралы есебі негізінде жіберілген қаржы институтының хабарламасы негізінде қаржы агенттігі

кәсіпкерді субсидиялауды осы жағдайлардың кез келгені орын алған күннен бастап тоқтатып қояды:

1) субсидиялау жүзеге асырылатын қаржы құралының түгел/ішінара мақсатқа сай пайдаланылмауы, бұл ретте субсидиялау қаржы құралын мақсатқа сай пайдаланбау сомасына барабар тоқтатылады;

2) жобаның және (немесе) кәсіпкердің осы Қағидалардың шарттарына және (немесе) қаржы институтының шешіміне сәйкес келмеуі;

3) егер орындаудың мүмкін болмауы еңсерілмейтін күш мән-жайларының, яғни төтенше және осы жағдайлар кезінде алдын алуға болмайтын мән-жайлардың (дүлей құбылыстар, әскери іс-қимылдар) салдарынан болған жағдайларды қоспағанда, кәсіпкердің шарттың төлем графигіне сәйкес қаржы институтының алдындағы төлемдерді төлеу жөніндегі міндеттемелерді қатарынан 3 (үш) ай бойы, сондай-ақ қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган өкімінің және (немесе) өзге құжатының және (немесе) актісінің негізінде орындамауы (бұдан әрі – ахуал);

4) ахуал әрекет еткен кезеңде туындаған жағдайларды қоспағанда, шарттың өтеу графигіне сәйкес қаржы институтының алдында лизингтік төлемдерді енгізу жөніндегі міндеттемелерді кәсіпкердің қатарынан 2 (екі) және одан да көп рет орындамауы;

5) кәсіпкердің шоттарындағы ақшаға тыйым салынуы (шоттағы ақшаның талап қою талаптарын толық көлемде қамтамасыз етуге жеткілікті болуы шартымен талап қоюды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар ретінде шоттардағы ақшаға тыйым салуды қоспағанда) және (немесе) кәсіпкердің шоты бойынша шығыс операцияларының тоқтатып қойылуы;

6) Қазақстан Республикасының қаржы лизингі туралы заңнамасында көзделген жағдайларда борышкерден лизинг нысанасының талап етілуі;

7) инвестициялық мақсаттарға бағытталған жобалар бойынша: төленген субсидия сомасының әрбір 15 (он бес) миллион теңгесіне жаңа жұмыс орындарын, бірақ 2 (екі) қаржы жылы өткеннен кейін әрбір жоба бойынша кемінде бір жұмыс орнын құруды және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің/салық декларациясының деректері негізінде және (немесе) бюджетпен есеп айырысудың жай-күйі туралы дербес шоттан үзінді көшірмеге сәйкес кірістердің субсидиялау мерзімі аяқталғанға дейін жыл сайынғы негізде бір қаржы жылы өткеннен кейін жинақталған инфляция деңгейінен кем болмайтын деңгейде міндетті ұлғаюын (бұл ретте тиімділік көрсеткіштерін есептеу кезінде субсидиялаудың қай күні басталғанына қарамастан, келесі қаржы жылының басталуы есепті күн болып табылады) көздейтін тиімділік көрсеткіштерінің орындалмауы;

8) айналым қаражатын толықтыруға бағытталған жобалар бойынша: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің/салық декларациясының деректері негізінде және (немесе) бюджетпен есеп айырысудың

жай-күйі туралы дербес шоттан үзінді көшірмеге сәйкес кіріс пен еңбекақы төлеу қорының субсидиялау мерзімі аяқталғанға дейін жыл сайынғы негізде бір қаржы жылы өткеннен кейін жинақталған инфляция деңгейінен кем болмайтын деңгейде міндетті түрде ұлғаюын (бұл ретте тиімділік көрсеткіштерін есептеу кезінде субсидиялаудың басталу күніне қарамастан келесі қаржы жылының басталуы есепті күн болып табылады) көздейтін тиімділік көрсеткіштерінің орындалмауы;

9) субсидиялау жүзеге асырылатын инвестициялық жобаларды іске асыру мерзімінің бұзылуы;

10) жеке кәсіпкерлік субъектісі ретінде кәсіпкер қызметінің тоқтатып қойылуы/тоқтатылуы.

45. Қаржы агенттігі осы Қағидалардың 44-тармағында көрсетілген фактілер анықталғаннан кейін 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде қаржы институтының хабардар етуі негізінде субсидиялауды тоқтатады/тоқтатуды кейінге қалдырады не қайта бастайды.

Бұл ретте қаржы агенттігінің хабарламасында субсидиялауды тоқтату/қайта бастау туралы негіз көрсетіледі.

46. Кәсіпкер қайтыс болған жағдайда қаржы институты кәсіпкердің қайтыс болғаны туралы мәлімет (ақпарат) алғаннан кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде қаржы агенттігіне тиісті хабарлама жібереді, ол 5 (бес) жұмыс күні ішінде мұрагердің (-лердің) мұрагерлік құқығы басталған кезге дейін субсидиялауды уақытша тоқтату жөніндегі ақпаратты қаржы агенттігінің уәкілетті органының қарауына шығарады. Мұрагердің (-лердің) мұрагерлік құқығы басталған жағдайда қаржы агенттігінің уәкілетті органының қарауына субсидиялауды қайта бастау туралы мәселе шығарылады.

Мұрагер (-лер) мұрадан бас тартқан, мұрагерлер болмаған жағдайда, мұрагердің міндеттемелерді қабылдауы мүмкін болмаған өзге де жағдайларда, сондай-ақ қаржы құралы мерзімінен бұрын толық өтелген кезде субсидиялау тоқтатылады.

47. Қаржы құралы түгел/ішінара мақсатқа сай пайдаланылмаған, жоба және (немесе) кәсіпкер осы Қағидалардың шарттарына сәйкес келмеген кезде қаржы агенттігі субсидиялауды тоқтатады, бұл ретте субсидиялау қаржы құралын мақсатқа сай пайдаланбау сомасына барабар тоқтатылады. Қаржы құралының мақсатқа сай пайдаланылуын растайтын қаржы құралының қалған бөлігі бойынша және кәсіпкер қаржы құралын мақсатқа сай пайдаланбау мөлшеріне барабар төленген субсидиялар сомасын қайтарған жағдайда субсидиялау төлем графигіне сәйкес жалғасады. Қаржы құралының түгелдей мақсатқа сай пайдаланылмағаны анықталған немесе жоба немесе кәсіпкер осы Қағидалардың шарттарына сәйкес келмеген жағдайларда субсидиялау оның мерзімі басталған күннен бастап тоқтатылады, төленген субсидия сомасы толық қайтарылады.

Қаржы агенттігіне қайтарылған субсидия сомалары одан әрі субсидия төлеу үшін пайдаланылады.

48. Кәсіпкер субсидиялауды тоқтатып қоюға негіз болған себептерді жойған жағдайда қаржы агенттігі 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаржы институтын субсидиялаудың қайта басталғаны туралы хабардар етеді.

49. Кәсіпкерді субсидиялау қайта басталған жағдайда қаржы агенттігі оған тоқтатып қойылған кезеңде төленбеген субсидияны төлейді, осы Қағидалардың 44-тармағының 3), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген себептер бойынша субсидиялау тоқтатып қойылған жағдайда қаржы агенттігі субсидиялау қайта басталған кезде кәсіпкер мерзімін өткізіп алған күннен бастап төленуге тиіс субсидияны төлейді.

50. Кәсіпкерді субсидиялау тоқтатылған жағдайда қаржы агенттігі 5 (бес) жұмыс күні ішінде тиісті хатпен кәсіпкерге және қаржы институтына хабарлама жібереді, онда тоқтату себебін көрсетеді.

51. Осы Қағидалардың 46-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, қаржы агенттігі субсидиялауды тоқтату туралы жазбаша хабарлама берген қаржы құралдары қайта басталмайды.

52. Субсидиялау тоқтатылған жағдайда қаржы институты қолданыстағы қаржы құралы бойынша кәсіпкерге қаржы құралының бұрын қолданыста болған шарттарын (оның ішінде номиналды мөлшерлемені, комиссияларды және өзге де шарттарды) белгілейді. Бұл ретте қаржы агенттігі 10 (он) жұмыс күні ішінде қаржы институтына өзара есеп айырысуды салыстырып тексеру актісін тапсырады.

Егер қаржы агенттігі қаржы институтының атына өтелетін сома қамтылған өзара есеп айырысуды салыстырып тексеру актісін қол қоюға жіберген сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қаржы институты қол қойылған өзара есеп айырысуды салыстырып тексеру актісін не дәлелді қарсылық бермесе, өзара есеп айырысуды салыстырып тексеру актісінде көрсетілген соманы қаржы институты мойындайды деп есептеледі және ол қаржы агенттігінің шотына қайтарылады.

53. Субсидиялауды қайта бастау кәсіпкер осы Қағидалардың 44-тармағының 3), 4) және 5) тармақшалары бойынша бұзушылықтарды жойған жағдайда және қаржы агенттігінің субсидиялауды тоқтату туралы шешіміне дейін қаржы институты мен қаржы агенттігі арасындағы субсидиялау туралы келісімде көзделген шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

3-тарау. Жобалардың іске асырылуын мониторингілеу

54. Осы Қағидалар шеңберінде кәсіпкерлер жобаларының іске асырылуын мониторингілеуді қаржы агенттігі кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган бекітетін тәртіппен жүзеге асырады.

Қаржы агенттігінің функцияларына:

1) қаржы институты ұсынатын деректер мен құжаттар негізінде өзімен шарт жасалған кәсіпкердің қаржы құралын мақсатқа сай пайдалануын мониторингілеу;

2) қаржы институты ұсынатын деректер негізінде кәсіпкердің төлем тәртібін мониторингілеу;

3) жобаның іске асырылуын (қаржы лизингі шарты бойынша лизинг нысанасын пайдалануды) мониторингілеу;

4) жобаның және (немесе) кәсіпкердің осы Қағидалардың шарттарына және (немесе) қаржы агенттігінің шешіміне сәйкестігін мониторингілеу жатады.

4-тарау. Жобаларға қойылатын талаптар

55. Субсидиялау:

1) моторлы көлік құралдарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дәрілік зат ретінде тіркелген, құрамында спирті бар медициналық мақсаттағы өнімдерді (бальзамдардан басқа) шығаруды көздейтін жобаларды қоспағанда, жобалары акцизделетін тауарларды/өнімдерді шығаруға бағытталған;

2) жобаны тау-кен өндіру өнеркәсібінде және карьерлерді игеруде іске асыруды жоспарлап отырған;

3) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы тікелей немесе жанама түрде мемлекетке, ұлттық басқарушы холдингке, ұлттық холдингке, ұлттық компанияға тиесілі;

4) меншік нысаны "Коммерциялық емес ұйымдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес жеке меншік мекеме ретінде ресімделген;

5) кредит есебінен сатып алынған активті оны сатқан тұлғаға сатуды/сыйға тартуды/сенімгерлік басқаруға/жалға/өтеусіз пайдалануға беруді жүзеге асырған және (немесе) жүзеге асыруды жоспарлап отырған, оның ішінде кәсіпкердің кәсіпорнын осы тұлғаға қосу немесе осы тұлғамен біріктіру нысанында қайта ұйымдастыруды іске асыратын және (немесе) болашақта жоспарлайтын (жобаларды мониторингілеу барысында осы тармақта көрсетілген жағдайлар анықталса, субсидиялау тоқтатылады және бұған дейін төленген субсидиялар қайтарылады);

6) жеке кәсіпкерлік субъектісі ретінде қызметін тоқтатқан немесе тоқтатып қойған (кәсіпкерлік субъектісі қызметінің мәртебесін тексеру eSalyk порталында жүзеге асырылады);

7) бірінші деңгейдегі ақпараттық жүйеде олар бойынша шектеу өлшемшарттары анықталған;

8) жылжымайтын мүлікпен операцияларды жүзеге асыруға бағытталған жобаларды іске асыратын (апартаменттерді, пәтерлерді, тұрғын үйлерді, жеке тұрғын үй құрылысы бойынша жер учаскелерін сатып алу/жалға алу/қосалқы жалдау) кәсіпкерлер бойынша жүзеге асырылмайды.

56. Кәсіпкерлердің Кодекстің 24-бабының 4-тармағында көрсетілген қызмет түрлері бойынша іске асырылатын жобалары және осы Қағидалар шеңберінде:

1) мемлекеттік даму институттары, оның ішінде экономиканың түрлі салаларында мемлекеттік қолдау шараларын көрсететін ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, акцияларының бақылау пакеттері ұлттық басқарушы холдингке немесе ұлттық холдингке тиесілі акционерлік қоғамдар, сондай-ақ акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес тұлғалар кредитор болып табылатын;

2) бюджет қаражаты есебінен арзандатылған;

3) ұйымдардың үлестерін, акцияларын, сондай-ақ мүліктік кешен ретінде кәсіпорындарды сатып алуға бағытталған;

4) овердрафт түріндегі;

5) қайтарымды, қайталама немесе сублизинг бойынша;

6) ломбардтардың, микроқаржы, факторинг ұйымдарының және лизинг компанияларының қызметіне бағытталған;

7) мыналарды:

үлестес/байланысты тұлғаның құрылыс жөніндегі қызметті жүзеге асыруын растайтын құжат болған жағдайда жаңа және (немесе) бар объектілерді (ғимараттарды, құрылысжайларды және олардың кешендерін, коммуникацияларын) салуды (оның ішінде кеңейту, жаңғырту, техникалық жаңарту, реконструкциялау, реставрациялау, күрделі жөндеу);

Қазақстан Республикасының аумағында ресми дистрибьютор болып табылатын үлестес/байланысты тұлғалардан тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтер сатып алуды;

тауарды, шикізатты және (немесе) материалдарды үлестес/байланысты тұлға өндірген жағдайда осындай тауарларды, шикізатты және (немесе) материалдарды үлестес/байланысты тұлғалардан сатып алуды қоспағанда, үлестес/байланысты тұлғалардан тауарларды, активтерді, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуға бағытталған;

8) салықтық міндеттемелерді, зейнетақы аударымдары мен әлеуметтік аударымдарды, кедендік төлемдер мен алымдарды, сондай-ақ кредиттерге/қаржы лизингіне/қаржыландыру шарттарына және өзге де мақсаттарға қызмет көрсету бойынша ағымдағы төлемдерді төлеу бойынша есеп айырысу жүргізуге бағытталған;

9) қаржы құралдары, бұған дейін қосымша жаңғыртусыз сатып алынатын жобаның 20 %-ынан аз субсидия алған, дайын және пайдалануға берілген/қолданыстағы жобаны сатып алуға бағытталған;

10) мемлекет меншігіндегі жер учаскесінде құрылыс салуды және үшінші тұлғалардың жалдауындағы жылжымайтын мүлік объектісіне жөндеу жұмыстарын/жаңғырту/реконструкциялау жүргізуді қоспағанда, кейіннен үшінші тұлғаларға

ресімделетін мүлікті/активтерді сатып алуға, сондай-ақ үшінші тұлғаларға тиесілі жер учаскесінде объект салуды жүзеге асыруға бағытталған қаржы құралдары субсидияланбайды.

57. Мемлекеттік қолдау шараларының пайдаланылуын мониторингілеу мыналарды қамтитын екі деңгейлі жүйеде жүзеге асырылады:

1) бірінші деңгей – жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларын және оларды алушыларды мониторингілеудің екінші деңгейдегі ақпараттық жүйелермен интеграцияланған, кәсіпкерлер өтінімдерінің эталондық электрондық тізілімін қамтитын тіркеуші ақпараттық жүйесі, онда форматтық-логикалық бақылаудан кейінгі бақылау арқылы кәсіпкерлерге қатысты шектеу өлшемшарттарының болмауы жөніндегі талаптарға олардың сәйкес келуі тексеріледі;

2) екінші деңгей – кәсіпкерлерден мемлекеттік қолдау шараларына өтінім қабылдау, оларды бірінші деңгейдегі жүйеге форматтық-логикалық бақылауды қолдана отырып өңдеу және өңделген өтінімдерді бірінші деңгейге беру жүзеге асырылатын салалық мемлекеттік немесе мемлекеттік емес ақпараттық жүйелер, оның ішінде қаржы институттарының ақпараттық жүйелері.

Кәсіпкерлер бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындаған, жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларының пайдаланылуын және оларды алушыларды бірінші деңгейдегі жүйені пайдалана отырып мониторингілеуді техникалық сүйемелдеуді қамтамасыз ететін тіркеушінің дербес деректерді жинауына, өңдеуіне, сақтауына, жүктеп шығаруына және пайдалануына келісім береді.

58. Кәсіпкерлердің өтінімдері екінші деңгейдегі жүйеге түскен кезде екінші деңгейдегі жүйе бірінші деңгейдегі жүйеге кәсіпкерге қатысты шектеу өлшемшарттарының болмауы жөніндегі талаптарға оның сәйкестігін тексеруге сұрау салады.

Бірінші деңгейдегі жүйе кәсіпкерге оның қатысты шектеу өлшемшарттарының болмауы жөніндегі талаптарға оның сәйкестігін тексеру нәтижесімен жауап қайтарады.

Өтінім шектеу өлшемшарттарының жоқ екені туралы жауап алынған кезде одан әрі өңделеді.

Өтінімде көрсетілген мәліметтерді және өтінімді өңдеу мәртебесін екінші деңгейдегі жүйе бірінші деңгейдегі жүйеге береді.

Сыйақы мөлшерлемесінің бір
бөлігін субсидиялау
қағидаларына
қосымша

Экономикалық қызметтің басым түрлерінің тізбесі

Р/с №	Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің коды	Атауы

	1	2
1	10	Тамақ өнімдерінің өндірісі
2	11.06	Уыт өндірісі
3	11.07	Алкогольсіз сусындар, минералды сулар және шөлмекке құйылған басқа да сулар өндірісі
4	13	Текстиль бұйымдарының өндірісі
5	14	Киім өндірісі
6	15	Былғары және соған жататын өнім өндірісі
7	16	Жиһаздан басқа, ағаш және тоз бұйымдарының өндірісі; сабаннан және тоқуға арналған материалдардан жасалған бұйымдар өндірісі
8	17	Қағаз және қағаз өнімдерінің өндірісі
9	20	Химия өнеркәсібі өнімдерінің өндірісі
10	21	Негізгі фармацевтикалық өнімдер мен фармацевтикалық препараттар өндірісі
11	22	Резеңке және пластмасса бұйымдарының өндірісі
12	23	Өзге де бейметалл минералдық өнімдер өндірісі*
13	24	Металлургия өндірісі**
14	25	Машиналар мен жабдықтардан басқа, дайын металл бұйымдары өндірісі
15	26	Компьютерлер, электрондық және оптикалық жабдықтар өндірісі
16	27	Электр жабдықтары өндірісі
17	31	Жиһаз өндірісі
18	32	Өзге де дайын бұйымдар өндірісі

* тауарлық бетон өндірісін қоспағанда (экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің (бұдан әрі – ЭҚЖЖ) коды "23.63");

** шойын, болат және ферроқорытпа өндірісін (ЭҚЖЖ коды "24.10"), ядролық отынды қайта өңдеуді (ЭҚЖЖ коды "24.46"), шойын құюды (ЭҚЖЖ коды "24.51"), болат құюды (ЭҚЖЖ коды "24.52") қоспағанда.

Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне қаржылай емес қолдау шараларын ұсыну қағидалары

1. Осы Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне қаржылай емес қолдау шараларын ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі (бұдан әрі – Кодекс) 96-бабының 5-тармағына сәйкес әзірленді және шағын кәсіпкерлік субъектілеріне қаржылай емес қолдау шараларын көрсету тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) "Бір ауыл – бір өнім" (бұдан әрі – БАБӨ) жобасы – жергілікті шикізаттан шығарылатын өнімді әзірлеу мен ілгерілету қызметтерін көрсетуге бағытталған, кем дегенде бір бәсекеге қабілетті өнім шығару жолымен ауылды дамыту тұжырымдамасына негізделген жоба;

2) кәсіпкер – Кодекске сәйкес айқындалатын және жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлік субъектісі мәртебесіне ие шағын және микрокәсіпкерлік субъектісі, оның ішінде "Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ауыл шаруашылығы кооперативтері болып табылатын заңды тұлғалар;

3) қаржы агенттігі – қаржылай емес қолдау шараларын іске асыруды жүзеге асыратын "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамы;

4) қаржылай емес қолдау операторы – "Еуропа Қайта Құру және Даму Банкінің Қазақстан Республикасының шағын және орта кәсіпкерлігін қолдау жөніндегі іскерлік консультациялық қызметтер бағдарламасы" құрамдауышын қоспағанда, ұлттық жоба шеңберінде кәсіпкерлерді мемлекеттік қаржылай емес қолдауды жүзеге асыратын "Атамекен" Қазақстан Республикасының ұлттық кәсіпкерлер палатасы;

5) оқуды аяқтағаны туралы сертификат – оқудан өткенін растайтын құжат;

6) онлайн-оқыту – білім беру ортасына толық енуге және жұмыс процесінен қол үзбей біліктілігін арттыруға мүмкіндік беретін компьютердің немесе Интернетке қосылған басқа құрылғының көмегімен білім мен машық алу;

7) уәкілетті орган – Кодекстің 85-бабы 3-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ереженің 13-тармағы 17) тармақшасына сәйкес кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган.

3. Кәсіпкерлікті қолдаудың қаржылай емес шаралары шағын және микрокәсіпкерлік субъектілеріне, ауыл шаруашылығы кооперативтеріне, оның ішінде "Ауыл аманаты" бағдарламасына және БАБӨ-ге қатысушыларға қолдау көрсетуді көздейді әрі орнықты даму және кәсіпкерлік құзыреттерін арттыру үшін жағдай жасауға, сондай-ақ бизнесті жүргізуді жақсартуға ықпал ететін оқытуда қолдауға бағытталған.

4. Қаржылай емес қолдауды "Жеке кәсіпкерлік субъектілерін бірнеше салалық мемлекеттік органның құзыретіне жататын экономиканың әртүрлі салаларында ұсынылатын мемлекеттік қаржылай емес қолдау тәртібін, нысандарын және оларға қолдау көрсетуге қажетті басқа да шарттарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2024 жылғы 5 тамыздағы № 626 қаулысымен бекітілген Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне экономиканың әртүрлі салаларында ұсынылатын мемлекеттік қаржылай емес қолдау көрсету үшін қажетті қағидаларда, қолдау нысандарында және басқа да шарттарда көзделген белгіленген тәртіпке сәйкес қаржылай емес қолдау операторы жүзеге асырады.

5. Қаржы агенттігі қаржылай емес қолдауды кәсіпкерлердің кәсіпкерлік құзыреттерін дамытуға бағытталған онлайн-оқыту түрінде көрсетеді. Кәсіпкерлер өтеусіз негізде оқытылады және кәсіпкердің оқудан өтуінің қарқындылығына байланысты екі аптаға дейін созылады.

6. Кәсіпкердің қаржы агенттігінің ақпараттық жүйесінде тіркелуі онлайн-оқытуға қолжетімділік беруге негіз болады. Қаржы агенттігі бір рет немесе қаржы агенттігі белгілеген тәртіппен қайтадан оқу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

7. Онлайн-оқытудың білім беру бағдарламалары мен материалдарын қаржы агенттігі шағын кәсіпкерлік субъектілерінің өзекті сұранысын, сондай-ақ осы Қағидалардың мақсаттарын ескере отырып әзірлейді және өзектілендіреді.

8. Қаржы агенттігі онлайн-оқытудан өту процесінің мониторингін және көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасын бағалауды жүзеге асырады, сондай-ақ оқуды аяқтаған кәсіпкерлерді есепке алуды және олардың тізілімін жүргізеді.

9. Кәсіпкер қаржы агенттігі белгілеген талаптарды орындаса, оған онлайн-оқытудан өту қорытындысы бойынша оқуды аяқтағаны туралы сертификат беріледі. Сертификат нысанын, онлайн-оқытуды ұйымдастыру тәртібін және оны аяқтау өлшемшарттарын қаржы агенттігі бекітеді.

10. Онлайн-оқытуды қаржыландыру қаржы агенттігінің өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

11. Осы Қағидаларда көзделмеген өзара іс-қимыл тетіктері мен іске асыру процестері уәкілетті органның келісуі бойынша қаржылай емес қолдау операторының ішкі нормативтік құжаттарында айқындалады.

12. Шағын кәсіпкерлікті қолдауды үйлестіру әдіснама мен цифрлық сервистерге жауап беретін қаржылай емес қолдау операторын қоса алғанда, уәкілетті ұйымдар мен операторлардың өзара іс-қимылы арқылы жүзеге асырылады. Бейінді ұйымдар өз бағыттарында шараларды іске асырады, ал бірыңғай жүйе келісімділік пен кәсіпкерлердің қызметтерге ыңғайлы қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

13. Онлайн-оқытуды іске асыру тетігі

Кәсіпкерлерді, оның ішінде "Ауыл аманаты" бағдарламасына және БАБӨ-ге қатысушыларды онлайн-оқыту Кодекске және осы Қағидаларға сәйкес кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шеңберінде іске асырылады.

Білім беру бағдарламасы қаржы агенті айқындайтын цифрлық білім беру платформаларын пайдалану арқылы онлайн-форматта жүргізіледі.

Оқу ұзақтығы білім беру модульдерінің салалық ерекшелігі мен мазмұнын ескере отырып түзетіледі.

Кодекстің 24-бабында және осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келетін кәсіпкерлер, оның ішінде "Ауыл аманаты" бағдарламасына және БАБӨ-ге қатысушылар онлайн-оқытуға қатысушы болады.

Білім беру материалдарына қолжетімділік қатысушыларға тәулік бойы пайдалану және оқудан өту мүмкіндігімен онлайн-платформадағы жеке кабинет арқылы беріледі.

Білім беру бағдарламасынан өту қорытындысы бойынша оқу материалын меңгеруін бағалауға бағытталған онлайн-тестілеу жүргізіледі.

Тестілеу қорытындысы бойынша ең төменгі өту балы 75 % құрайды.

Қорытынды тестілеуден өтпеген жағдайда қатысушы алдыңғы әрекет жасалған күннен бастап 1 (бір) ай ішінде, бірақ үш реттен асырмай қайта тестілеуге жіберіледі.

Үш әрекеттен кейін тестілеуден өтпей қалса, қатысушыға тиісті онлайн-оқытудан өткені туралы сертификат берілмейді, бұл ретте қаржы агенттігі онлайн-оқытудан қайта өтуге мүмкіндік береді.

Оқуды сәтті аяқтаған және қорытынды тестілеуден өткен қатысушыларға тиісті онлайн-оқытудан өткені туралы сертификат беріледі.

14. Осы Қағидаларда көзделген іс-шаралар консультация берудің және ақпараттық сүйемелдеудің шағын және моно- қалалардағы, аудан орталықтарындағы және ауылдардағы жергілікті жерлерде консультациялық қызметтер көрсетуді және мемлекеттік қолдау шараларын түсіндіруді қамтамасыз ететін арнайы мобильді офистерді (шағын автобустарды) қолдануды көздейтін көшпелі нысандарын пайдалану арқылы да жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2025 жылғы 30 желтоқсандағы
№ 1176 қаулысына
3-қосымша

Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне инфрақұрылымдық қолдау көрсету қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне инфрақұрылымдық қолдау көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі (бұдан әрі – Кодекс) 94-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді әрі өңірлік мамандануды ендіру және өңірлер мен бизнесті ортақ жауапкершілікке тарту мақсатында кәсіпкерлерді қолдауға арналған өндірістік, сервистік, туристік, цифрлық IT және өткізу инфрақұрылымы объектілерін құру, дамыту және пайдалану шарттарын, тәртібі мен тетігін айқындайды.

Осы Қағидаларда инфрақұрылым санаттары, кәсіпкерлерге қолжетімділік беру тәртібі, сондай-ақ инфрақұрылымдық объектілерді пайдалану тиімділігін мониторингілеу және бағалау рәсімдері белгіленген.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) "Атамекен" ҰКП – Қазақстан Республикасының "Атамекен" ұлттық кәсіпкерлер палатасы, коммерциялық емес ұйым, кәсіпкерлік субъектілерінің одағы;

2) "Ауыл аманаты" бағдарламасы – халық табысын арттыруға, негізінен ауыл шаруашылығы және тұтыну кооперативтерін (бұдан әрі – кооператив), ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуді қолдауға бағытталған жоба;

3) "Бір ауыл – бір өнім" жобасы (бұдан әрі – БАБӨ) – жергілікті шикізаттан шығарылатын өнімді әзірлеу мен ілгерілету қызметтерін көрсетуге бағытталған, кем дегенде бір бәсекеге қабілетті өнім шығару жолымен ауылды дамыту тұжырымдамасына негізделген жоба.

Өнімнің (тауардың) БАБӨ жобасына сәйкестігін айқындау мынадай өлшемшарттарға сәйкес жүзеге асырылады:

өнім (тауар) жергілікті/локальды шикізаттан өндірілуге тиіс;

өнімді (тауарды) дайындау кезінде күрделі емес құралдар мен тетіктер пайдаланылуға тиіс;

өнім (тауар) мүмкіндігінше сол аумақтың өңірлік ерекшелігін (өнімнің шығу тарихын) көрсетуге және қамтуға тиіс;

өнім (тауар) құрамында қауіпті немесе зиянды заттар болмауға, өнімді (тауарды) қауіпсіз тасымалдау үшін қажетті қаптама болуға тиіс, сондай-ақ өнім (тауар) сақтау мерзімі күнтізбелік 5 (бес) күннен аспайтын тез бұзылатын санатқа жатпауға тиіс;

4) бюджеттік инвестициялық жобаларды мониторингілеу – жаңа объектілерді құру (салу), қолда бар объектілерді реконструкциялау, сондай-ақ ақпараттандыру объектілерін құру және дамыту барысы туралы бюджет қаражаты бөлінген сәттен бастап пайдалануға берілген сәтке дейін ақпаратты тұрақты және жүйелі жинау мен талдау жөніндегі іс-шаралар жиынтығы;

5) бюджет процесі – мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасымен регламенттелген бюджетті жоспарлау, қарау, бекіту, атқару, нақтылау және түзету, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілікті жүргізу, бюджеттік есеп және бюджеттік есептілік, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау, бюджеттік мониторингілеу және нәтижелерді бағалау жөніндегі қызметі;

6) жеке кабинет – тізілімдегі пайдаланушының (кәсіпкер, уәкілетті орган, өңірлік үйлестіруші, өңірлік үйлестіру кеңесі, бюджеттік бағдарлама әкімшісі) дербес веб-парақшасы;

7) жеке шот – тізілімдегі өтінімдерді тіркеу және олармен операцияларды есепке алу мақсатында кәсіпкерді сәйкестендіруге мүмкіндік беретін жазбалардың жиынтығы;

8) жеке қаржыландыру жоспары – мемлекеттік мекеменің шығыстардың функционалдық және экономикалық сыныптамасына сәйкес міндеттемелер бойынша жеке жоспар, төлемдер бойынша жеке жоспар нысанында қалыптастырылатын негізгі құжаты;

9) жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі – облыс (астана, республикалық маңызы бар қалалар) әкімі айқындайтын, жергілікті атқарушы органның бюджеттік бағдарламаларды жоспарлауға, негіздеуге, іске асыруға және нәтижелерге қол жеткізуге жауапты құрылымдық бөлімшесі;

10) заманауи форматтағы сауда объектілері – арнаулы немесе аралас тауарлар ассортиментінің атауы (бірліктері) бір мыңнан басталатын және одан асатын, дәстүрлі қызмет көрсету әдісімен қатар өзіне-өзі қызмет көрсету әдісімен, сондай-ақ саудада қосымша қызметтер көрсете отырып жұмыс істейтін, төлем карталарын пайдаланып төлем жүргізуге арналған жабдығы (құрылғысы) бар, еңбек өнімділігі және сауда алаңының шаршы метріне қатысты сату өнімділігі жоғары, аумағының шекарасы шегінде автокөлік құралдарының тұрағына арналған алаңның болуы көзделген, стационарлық/стационарлық емес сауда объектілері;

11) инженерлік инфрақұрылым – халықтың тыныс-тіршілігіне, сондай-ақ өндірістің орнықты жұмыс істеуіне немесе тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің айналымына қалыпты жағдай жасайтын кәсіпорындардың (ұйымдардың), объектілердің (ғимараттар мен құрылысжайлардың), коммуникациялар мен инженерлік және коммуналдық қамтамасыз ету желілерінің жиынтығы;

12) кәсіпкер – Кодекске сәйкес айқындалатын және жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлік субъектісі мәртебесіне ие шағын және микрокәсіпкерлік субъектісі, оның ішінде "Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ауыл шаруашылығы кооперативтері болып табылатын заңды тұлғалар;

13) көрсетілетін қызметтерді беруші – мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес өңірлік үйлестіруші айқындайтын, субсидиялаудың ақпараттық жүйесіне қол жеткізуді және оны иеленуші ретінде сүйемелдеуді қамтамасыз ететін тұлға;

14) қаржылық-экономикалық негіздеме (бұдан әрі – ҚЭН) – заңды тұлғалардың жарғылық капиталына бюджет қаражатын салудың орындылығы, негізділігі туралы мәліметтер мен нәтижені бағалау қамтылған құжат;

15) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган – тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте стратегиялық, экономикалық және бюджеттік жоспарлау саласындағы функцияларды жүзеге асыратын, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган;

16) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган – стратегиялық және экономикалық жоспарлау, бюджет саясатын әзірлеу және қалыптастыру, сондай-ақ

өңірлік даму саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

17) өңірлік үйлестіруші – кәсіпкерлік саласындағы жергілікті атқарушы органның облыс (астана, республикалық маңызы бар қалалар) әкімі айқындайтын құрылымдық бөлімшесі;

18) өңірлік үйлестіру кеңесі (бұдан әрі – ӨҮК) – облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдері құратын және басқаратын, қатысушылардың жалпы санының кемінде 50 %-ы бизнес-қоғамдастықтың өкілдерінен тұратын консультативтік-кеңесші орган;

19) өтінімдердің электрондық тізілімі (бұдан әрі – тізілім) – өтінімдер, сондай-ақ кәсіпкерлер туралы мәліметтердің жиынтығы және субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде көрсетілген өзге де мәліметтер;

20) субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің веб-порталы (бұдан әрі – веб-портал) – субсидиялаудың ақпараттық жүйесіне қолжетімділік беретін, Интернет желісінде орналастырылған интернет-ресурс;

21) тікелей нәтиже – көзделген бюджет қаражаты шегінде орындалатын мемлекеттік функциялар, өкілеттіктер мен көрсетілетін мемлекеттік қызметтер көлемінің сандық сипаттамасы, оларға қол жеткізу толығымен осы функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыратын немесе қызметтер көрсететін ұйымның қызметіне байланысты;

22) түпкілікті нәтиже – бюджеттік бағдарламаның мемлекеттік орган қызметінің тікелей нәтижелеріне қол жеткізуге негізделген, стратегиялық жоспардың, аумақтарды дамыту бағдарламасының және (немесе) бюджеттік бағдарламаның мақсатына қол жеткізуді санмен өлшейтін көрсеткіші;

23) шағын өнеркәсіптік аймақ – шағын өндірушілерге қызмет көрсетуге арналған бірыңғай кеңістік, ауыл шаруашылығы кооперативтерінен, шаруа және фермер қожалықтарынан, сондай-ақ жеке қосалқы шаруашылықтардан келетін ауыл шаруашылығы өнімдерін қабылдауға, өңдеуге, буып-түюге және сақтауға арналған ықшам, экономикалық қолжетімді өндірістік-логистикалық пункт (шағын өнеркәсіптік аймақ мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы және өнімді қайта өңдеу функционалдық бағыттары бойынша құрылады);

24) "электрондық үкімет" веб-порталы – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосылуға техникалық шарттар беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің электрондық нысанда көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізетін бірыңғай терезе болып табылатын ақпараттық жүйе;

25) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және ондағы мәліметтердің өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиыны.

3. Инфрақұрылымдық қолдауды дамыту жана өндірістерді іске қосуды, көрсетілетін қызметтерді дамытуды, қолданыстағы қызметті, оның ішінде шағын өнеркәсіптік аймақтардағы қызметті кеңейту мен жаңғыртуды қоса алғанда, кәсіпкерлердің жобаларын қолдауға арналған өндірістік, сервистік, логистикалық, туристік және өткізу инфрақұрылымы объектілерін құру мен дамытудан тұрады. Инфрақұрылымды құру кәсіпкерлер топтары үшін де, арнайы алаңдар, кластерлер мен өзге де инфрақұрылымдық аймақтар құрамында да жүзеге асырылады.

4. Инфрақұрылымдық қолдауды қаржыландыру жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

2-тарау. Инфрақұрылымдық қолдау көрсету тәртібі

1-параграф. Инфрақұрылымдық қолдау көрсету шарттары

5. Осы Қағидаларды іске асыру шеңберінде инфрақұрылымдық қолдау көрсету экономикалық қызметтің басым түрлеріне жататын кәсіпкерлер үшін жүзеге асырылады.

Басым түрлердің тізбесін кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша "Атамекен" ҰКП уәкілетті органы бекіткен экономика салаларына рейтинг беру тәртібін айқындайтын ішкі нормативтік құжатқа сәйкес бөлім, топ, сынып немесе кіші сынып деңгейінде ЭҚЖЖ санын 6-дан (алты) асырмай әрбір жеке жергілікті атқарушы орган өңірді дамыту басымдықтарын негізге ала отырып айқындайды.

"Ауыл аманаты" бағдарламасы және БАБӨ шеңберінде іске асырылатын жобалар, сондай-ақ ауыл шаруашылығы кооперативтері іске асыратын жобалар басым бағыттарға жатады және инфрақұрылымдық қолдау алуға өтінім берген кезде бірінші кезекте (басымдықпен) қаралады.

Инфрақұрылымдық қолдау алуға үміткер кәсіпкерлер үшін қарсы міндеттемелер "Атамекен" ҰКП ішкі нормативтік құжатында көзделген талаптар мен өлшемшарттарға сәйкес белгіленеді.

6. Жергілікті атқарушы органдар осы Қағидалар шеңберінде бөлінетін қаражатты кәсіпкерлердің жобаларын орналастыру, іске қосу және кеңейту үшін жағдай жасайтын базалық инженерлік, өндірістік және цифрлық IT инфрақұрылым объектілерін салуға және (немесе) реконструкциялауға жібере алады, оның ішінде:

инженерлік инфрақұрылым:

1) ұңғымаларды бұрғылауды қоса алғанда, су бұру және сумен жабдықтау жүйелері

;

- 2) газдандыру объектілері;
- 3) су құбырлары, бу құбырлары және жылу желілері;
- 4) су құбырлары мен санитариялық құрылысжайлар (септиктер);
- 5) электр қосалқы станциялары және электр беру желілері;
- 6) бу-газ қондырғылары;
- 7) байланыс желілері, Интернет және телефондандыру;
- 8) теміржол түйықтары мен кірме жолға жібере алады;

қызметтің басым түрлерін қолдауға бағытталған жалпы пайдаланымдағы өндірістік инфрақұрылым объектілері:

жалпы пайдаланымдағы өндірістік инфрақұрылым объектілеріне:

- 1) өндірістік шағын кластерлер;
- 2) жабдықты бірлесіп пайдалану орталықтары;
- 3) жалпы қол жетімді қолөнер және тігін шеберханалары;
- 4) азық-түлік шағын цехтары мен қайта өңдеу орталықтары;
- 5) өндірістік коворкингтер;
- 6) басқа да коммерциялық жылжымайтын мүлік және (немесе) жер учаскесі жатады;

жалпы пайдаланымдағы логистикалық инфрақұрылым объектілеріне:

- 1) логистикалық және қойма алаңдары;
- 2) өнімді сұрыптау, орау, буып-түю және таңбалау орталықтары;
- 3) шағын өнеркәсіптік аймақтар;
- 4) жергілікті өндірушілерге арналған тарату хабтары;
- 5) шағын кәсіпкерлік өнімдерін шоғырландыру нүктелері жатады;

кәсіпкерлерге арналған өткізу инфрақұрылымы объектілеріне:

1) кәсіпкерлердің өнімдерін заманауи форматтағы сауда объектілерінде орналастыру аймақтары (SME-corners);

- 2) жергілікті өндірушілердің шағын нарықтары;
- 3) жәрмеңке және көрме алаңдары;
- 4) кәсіпкерлердің өнімдерін көрсетуге арналған экспо-аймақтар мен павильондар;
- 5) көшпелі өткізу пункттері мен уақытша сауда павильондары жатады;

кәсіпкерлер үшін туристік инфрақұрылым объектілеріне:

- 1) кемп-сайттар мен керуен және автоүй тұрақтарына арналған аймақтар;
- 2) визит-орталықтары мен туристік-ақпараттық қызмет көрсету нүктелері;

3) туристік маршруттар бойындағы сервистік алаңдар (санитариялық тораптар, шатырлар, тамақтану нүктелері, зарядтау станциялары, демалыс аймақтары);

4) туристік аймақтардағы қолөнершілер мен жергілікті өндірушілерге арналған кеңістіктер;

5) шағын мұражайлар, этно-аймақтар және демонстрациялық орталықтар жатады.

Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар арқылы және мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігі арқылы инфрақұрылым объектілерін құруға және дамытуға қолдау көрсетуге жол беріледі.

Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар өкілеттіктері шегінде және осы Қағидаларға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес объектілерді салу, реконструкциялау және жаңғырту, үй-жайлар мен жер учаскелерін пайдалануға беру, жеңілдікті жалға беруді қолдану, мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктеріне қатысу, жеке инвестицияларды тарту, бірлесіп инвестициялау, жабдықтарды сатып алу және беру, сондай-ақ кәсіпкерлердің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында инфрақұрылым объектілерін басқару және пайдалану арқылы жобаларды іске асыруды жүзеге асырады.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігі жеке әріптестің инвестициялық және (немесе) операциялық шығынын әзірлік үшін төлем, капитал шығынының бір бөлігін өтеу нысанында не Қазақстан Республикасының мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы заңнамасында белгіленген мемлекеттік қолдаудың өзге де нысандарында бюджет қаражаты есебінен өтеуді көздейді.

7. Кәсіпкерлерді қажетті инфрақұрылымдық қолдаумен қамтамасыз ету жергілікті атқарушы органдармен келісіп ұзарту мүмкіндігімен қызмет түріне байланысты 36 (отыз алты) айға дейінгі мерзімде жүзеге асырылады.

Ортақ пайдаланылатын инфрақұрылым объектілерін құру объектіні кемінде 3 (үш) кәсіпкерлік субъектісі пайдаланған жағдайда жүзеге асырылады.

8. Кәсіпкерлерді инфрақұрылыммен қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

9. Осы Қағидалар шеңберінде:

1) салық және әлеуметтік төлемдер бойынша бюджет алдында берешегі бар;

2) банкроттық, тарату немесе мәжбүрлеп өндіріп алу рәсіміндегі;

3) ұқсас қызмет түрі бар жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлермен үлестес;

4) Кодекстің 24-бабының 4-тармағында көрсетілген қызмет түрлері бойынша жобаларды іске асыратын кәсіпкерлерге инфрақұрылымдық қолдау көрсетілмейді.

10. Қызметін экономикалық қызметтің басым түрлері шеңберінде жүзеге асыратын кәсіпкерлерге – жергілікті өндірушілерге заманауи форматтағы сауда объектілеріндегі сауда алаңына және (немесе) сөре кеңістігіне қолжетімділік беріледі.

11. Сауда алаңын және (немесе) сөре кеңістігін беру кәсіпкердің өткізілетін өнімнің сапасы мен қауіпсіздігіне қойылатын талаптарды сақтауы шартымен ұзарту мүмкіндігімен кемінде 6 (алты) ай мерзімге жүзеге асырылады.

Сөре кеңістігінің құнын және жергілікті өндірушілерді орналастыру бойынша өзге де ілеспе шығыстарды төлеу инфрақұрылымдық қолдау шеңберінде бекітілген бюджеттік бағдарламалар шегінде жүзеге асырылады.

Егер заманауи форматтағы сауда объектісін салу кезінде инженерлік инфрақұрылымды объект аумағының шекарасына дейін жеткізу мемлекеттік қаражат есебінен жүзеге асырылған жағдайда, сауда объектісі шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін сауда алаңын және (немесе) сөре кеңістігін мынадай:

ауданы 1000 (бір мың) шаршы метрге дейінгі объектілер үшін жалпы сауда алаңының 5 %-ынан;

ауданы 1000-нан (бір мың) 3000 (үш мың) шаршы метрге дейінгі объектілер үшін жалпы сауда алаңының 3 %-ынан кем емес ең төменгі көлемде беруді қамтамасыз етеді.

Көрсетілген сауда алаңдары және (немесе) сөре кеңістіктері жергілікті өндірушілердің бірыңғай аймағы түрінде қалыптастырылады және азық-түлікті қайта өңдеу, қолөнер өндірістері, тоқыма және экономикалық қызметтің басым түрлеріне жататын өзге де өндірістік бағыттар өнімдерін қоса алғанда, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің өнімдерін орналастыруға арналған.

Бұл ретте инженерлік инфрақұрылымды жүргізу сауда объектісі аумағының шекарасына дейін ғана жүзеге асырылады.

12. Жалпы пайдаланылатын өндірістік инфрақұрылым объектілерін инженерлік қамтамасыз етуді қоса алғанда, қажетті инфрақұрылымды салу (реконструкциялау) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, инженерлік желілер объектілерін салу, бюджеттік жоспарлау және пайдалану саласындағы нормативтерге сәйкес жүзеге асырылады.

13. Алдыңғы қаржы жылында тікелей нәтижелерге қол жеткізбеген және қарсы міндеттемелерді орындамаған шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін инфрақұрылыммен қамтамасыз ету қайтадан қаржыландырылмайды.

14. Өңірлік үйлестіру құрылымының жұмыс органы өңірлік үйлестіруші болып табылады.

15. Өңірлік үйлестіруші:

1) кәсіпкерлерді инфрақұрылымдық қолдау мүмкіндіктері туралы хабардар етуді;

2) инфрақұрылым объектілеріне қол жеткізу және пайдалану тәртібі бойынша консультация беруді;

3) кәсіпкерлер мен инфрақұрылымдық объектілердің операторлары арасындағы өзара іс-қимылды;

4) инфрақұрылым объектілерінің жұмыс істеу тиімділігін мониторингілеуді жүзеге асырады.

16. Өңірлік үйлестіруші мониторинг нәтижелері бойынша инфрақұрылымдық қолдауды дамыту, объектілер тізбесін кеңейту және оларды пайдалану тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар дайындайды.

17. Жергілікті бюджеттік бағдарламаның әкімшісі жеке қаржыландыру жоспары бекітілгеннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде оны веб-порталда орналастырады.

2-параграф. Кәсіпкерлердің жобалары бойынша инфрақұрылымдық қолдау алу үшін қатысушылардың өзара іс-қимылы

18. Кәсіпкер осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша инфрақұрылым беру туралы өтінішпен өңірлік үйлестірушіге жүгінеді, онда инфрақұрылым беру қажеттігінің негіздемесі қамтылып, мына құжаттар қоса беріледі:

1) бизнес-жоспар;

2) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2025 жылғы 28 маусымдағы № 59 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік инвестициялық жобаларды жоспарлау және іске асыру, инвестициялық ұсынысты, техникалық-экономикалық және қаржылық-экономикалық негіздемелерді әзірлеу немесе түзету, қажетті сараптамалар жүргізу, бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындау, мемлекеттік инвестициялық жобалар портфелін қалыптастыру, сондай-ақ мемлекеттік инвестициялық жобалардың бекітілген (нақтыланған) параметрлерін түзету, іріктеу, іске асырылуын мониторингілеу және бағалау қағидаларына сәйкес техникалық-экономикалық негіздеме (бұдан әрі – ТЭН) әзірлеуді талап етпейтін жобаларды қоспағанда, жобаның ТЭН;

3) жоба бойынша жобалау-сметалық құжаттама.

19. Өңірлік үйлестіруші құжаттарды алғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде:

1) кәсіпкердің жобасын осы Қағидалардың шарттарына сәйкестігі тұрғысынан тексереді;

2) ӨҮК үшін кәсіпкерлердің жобалары бойынша ұсынымдар әзірлейді;

3) құжаттардың толық топтамасымен қоса кәсіпкерлер жобаларының тізімін ӨҮК қарауына енгізеді;

4) ӨҮК отырысы күн тәртібінің мәселесін қалыптастырады, өткізілетін күнін, уақытын және орнын айқындайды, ол туралы ӨҮК барлық мүшелерін хабардар етеді.

20. Құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) анық емес екенін анықтаған, сондай-ақ кәсіпкер және (немесе) ұсынылған материалдар, объектілер, жобаны қарау үшін қажетті деректер мен мәліметтер Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайларда өңірлік үйлестіруші кәсіпкерге мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы уәжді жауаппен хабарлама жібереді.

21. ӨҮК отырысы жобалардың қалыптасуына қарай өткізіледі. ӨҮК мүшелерінің саны кемінде 10 (он) адамды құрайды, оның кемінде 50 %-ы кәсіпкерлер қоғамдастығының өкілдері болады.

ӨҮК отырысы ӨҮК мүшелері санының кемінде үштен екісі (кворум) қатысқан кезде өткізіледі. Шешімді қатысушылардың жалпы санының кемінде үштен екісі қабылдайды.

22. ӨҮК өткізілетін отырыс шеңберінде мынадай іс-шараларды жүзеге асырады:

1) кәсіпкердің және ол іске асыратын жобалардың осы Қағидалардың өлшемшарттарына сәйкестігін тексереді;

2) ӨҮК мүшелері арасында кәсіпкердің жобасы мен қоса беріліп отырған құжаттарды, оның ішінде шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің жобаларын іске асыру қорытындылары бойынша құрылатын тұрақты жұмыс орындары, бюджетке түсетін салық түсімдері, өнім өндіру көлемі туралы болжамды ақпаратты қарайды және талқылайды;

3) талқылау нәтижелері бойынша ӨҮК осы Қағидаларға сәйкестігі тұрғысынан инфрақұрылым беру мүмкіндігі (немесе мүмкін еместігі) туралы шешім қабылдайды.

23. ӨҮК шешімі оның отырысы өткізілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде тиісті хаттамамен ресімделеді.

24. Өңірлік үйлестіруші ӨҮК хаттамасы ресімделгеннен кейін кәсіпкерге ӨҮК шешімі туралы хабарлама жібереді. ӨҮК теріс шешім қабылдаған жағдайда өңірлік үйлестіруші кәсіпкерге уәжді жауап жолдайды.

25. Өңірлік үйлестіруші ӨҮК хаттамасы ресімделген кезден бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде толық құжаттар топтамасымен қоса кәсіпкерлер жобаларының тізімін, ӨҮК хаттамасын қолдауды одан әрі іске асыру жөнінде шаралар қабылдау үшін жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне жібереді.

26. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган мыналарды жүзеге асырады:

1) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік сұранымдарын олардың Қазақстан Республикасының бюджет және өзге де заңнамасына, әлеуметтік-экономикалық даму болжамына, қолданыстағы табиғи нормалар мен стратегиялық жоспарлардың жобаларына немесе стратегиялық жоспарларға өзгерістер мен толықтырулардың жобаларына және бюджеттік бағдарламалардың жобаларына сәйкестігі тұрғысынан қарайды, бұл ретте бюджеттік сұранымдарды қарау кезінде әрбір бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстардың түрлерін есептегенде басшылыққа алу үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында белгіленген тауарларға, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге арналған бағалардың дерекқоры да пайдаланылады.

Бюджеттік сұраным Қазақстан Республикасы бюджет заңнамасының оның жасалуы мен ұсынылуы жөніндегі талаптарына сәйкес келмеген кезде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган оны қарамай, бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне қайтарады;

2) материалдарды қарау нәтижелері бойынша бюджеттік сұранымдар мен бюджеттік бағдарламалардың жобалары бойынша қорытындылар қалыптастырып, оларды тиісті бюджет комиссиясының қарауына жібереді;

3) уәкілетті органды/жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерін бюджет комиссиясының шешімі туралы хабардар етеді.

27. Жергілікті атқарушы органның жергілікті бюджет туралы мәслихат шешімін іске асыру туралы қаулысы (аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің шешімі) мәслихат жергілікті бюджетті бекіткеннен кейін күнтізбелік 14 (он төрт) күн ішінде қабылданады.

3-тарау. Инфрақұрылымдық қолдау көрсетуді мониторингілеу

28. Осы Қағидалар шеңберінде инфрақұрылымдық қолдау көрсетуді мониторингілеуді уәкілетті орган/жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі жүзеге асырады.

29. Жобалардың іске асырылуын мониторингілеуде:

1) жұмыстардың нақты жай-күйін, объектілердің жұмыс істеуін және жүктелу көрсеткіштерін қоса алғанда, жалпыға ортақ пайдаланылатын инфрақұрылым объектілерін құру және пайдалану барысы туралы ақпарат жинау;

2) бюджеттік бағдарламалардың көрсеткіштері мен мақсаттарына сәйкес шағын кәсіпкерлікті инфрақұрылымдық қолдау жобаларын іске асыру шеңберінде қол жеткізілген тікелей және түпкілікті нәтижелер туралы есеп дайындау;

3) бюджеттік инвестициялық бағдарламалар шеңберінде жалпыға ортақ пайдаланылатын инфрақұрылым жобаларын іске асыруға бөлінген қаражатты игеру туралы мәлімет жинау көзделеді.

30. Инфрақұрылым объектілерін құру және пайдалану жөніндегі жобаларды іске асырудың нақты және жоспарлы көрсеткіштері туралы ақпаратты, сондай-ақ есепті қаржы жылындағы кәсіпкерлерді инфрақұрылымдық қолдауды дамытуға бағытталған бюджеттік бағдарламалар қаражатын игеру туралы мәліметтерді қамтитын есеп мониторинг қорытындысы болып табылады. Есеп қағаз және электрондық жеткізгіштерде ұсынылады.

Есептің PDF форматындағы сканерленген көшірмесін өңірлік үйлестіруші осындай есепті уәкілетті орган/жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшісі қабылдаған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде субсидиялаудың ақпараттық жүйесіне жүктейді.

31. Инфрақұрылымның берілуі бойынша жылдық мониторингіні мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган мемлекеттік және орыс тілдерінде дайындайды және жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылғы 10 (оныншы) сәуірден кешіктірмей облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдіктеріне береді.

Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері есепті жылдан кейінгі жылдың 1 (бірінші) сәуіріне дейін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға жылдық мониторингіні ұсынады.

Жиынтық ақпаратта:

1) кәсіпкерлерге инфрақұрылым ұсыну туралы ақпарат;

2) аяқталған және қолданыстағы жобалар бойынша ақпарат;

3) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеті қаражатының және облыстық бюджеттен бөлінетін нысаналы даму трансферттері мен кредиттері есебінен қаржыландырылатын жобалардың тізбесі, қаржыландыру жоспарының сомалары, жобалардың нақты орындалуы, аяқталған жобалар саны, игерілмеген сомалар мен оның себептері туралы ақпарат қамтылады.

32. Өңірлік үйлестірушілер жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылғы 10 (оныншы) ақпаннан кешіктірмей мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға шағын кәсіпкерлік жобаларының іске асырылу мәртебесі туралы ақпарат береді (құрылған тұрақты және уақытша жұмыс орындары, салық аударымдары, өнім шығарылуы және еңбекақы төлеу қорының ұлғаюы туралы және қарсы міндеттемелер бойынша басқа да көрсеткіштерді).

33. Осы Қағидаларда көзделмеген өзара іс-қимыл тетіктері мен іске асыру процестері уәкілетті органның келісімі бойынша "Атамекен" ҰКП-ның ішкі нормативтік құжаттарында айқындалады.

34. Шағын кәсіпкерлікті қолдауды үйлестіру әдіснама мен цифрлық сервистерге жауап беретін "Атамекен" ҰКП қоса алғанда, уәкілетті ұйымдар мен операторлардың өзара іс-қимылы арқылы жүзеге асырылады. Бейінді ұйымдар өз бағыттарында шараларды іске асырады, ал бірыңғай жүйе келісімділік пен кәсіпкерлердің көрсетілетін қызметтерге ыңғайлы қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

Шағын кәсіпкерлік
субъектілеріне
инфрақұрылымдық қолдау
көрсету қағидаларына
қосымша

Нысан

Инфрақұрылымдық қолдау көрсетуге электрондық өтінім

1. _____ облысында (республикалық маңызы бар қалада, астанада)

(заңды тұлғаның толық атауы, жеке кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

2. Инфрақұрылымды қамтамасыз ету бойынша конкурстық іріктеуге қатысу туралы ұсынылған материалдарды қарауды сұраймын.

3. Өтініш беруші туралы мәліметтер:

Заңды тұлға үшін:

атауы _____

БСН _____

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) _____

басшының ЖСН _____

Мекенжайы _____

телефон (факс) нөмірі _____

Дара кәсіпкер үшін:

атауы _____

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) _____

ЖСН _____

жеке басын куәландыратын құжат:

нөмірі _____

кім берді _____

берілген күні _____

мекенжайы _____

телефон (факс) нөмірі _____

Дара кәсіпкер ретінде қызметтің басталғаны туралы хабарлама:

орналасқан жері _____

хабарланған күні _____ .

4. Кәсіпкердің екінші деңгейдегі банкте ағымдағы шотының бар-жоғы туралы мәліметтер:

Банк деректемелері: _____

Банктің атауы: _____

БСК _____

ЖСК _____

БСН _____

Кбе _____ .

5. Жоба туралы мәліметтер:

жобаның атауы _____

жобаның қысқаша сипаттамасы _____

жобаны іске асыру орны _____

қызметтің бейінді бағыты (*жоба облыс орталықтарында, Астана, Алматы, Шымкент және Семей қалаларында іске асырылған жағдайда толтырылады):

қажетті инфрақұрылым түрі _____

инфрақұрылымды жүргізу немесе жақсарту қажеттігінің негіздемесі

құрылыстың құны, мың теңге _____

жобаның құны (инвестициялар), мың теңге _____

салық салу жүйесі: _____

экономика саласын көрсет: _____

экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші (ЭҚЖЖ):

_____ .

жалдамалы жұмыскерлер саны _____

6. Жоба бойынша күтілетін экономикалық әсер:

Р/с №	Жылдар	Факт	Болжам		
		ағымдағы жыл	1-ші жыл	1-ші жыл	1-ші жыл
1	2	3	4	5	6
1	Құрылатын жұмыс орындарының саны, адам				
2	Салық түріндегі түсімдер сомасы, мың теңге				
3	Шығарылатын өнімнің көлемі, мың теңге				
	Басқа әсерлер				

7. Берілген құжаттар туралы мәліметтер:

Р/с №	Құжаттың атауы	Электрондық файлдың атауы (pdf форматында)
1	2	3
1	Бизнес-жоспар	
2	Жобаның ТЭН	
3	Жоба бойынша жобалау-сметалық құжаттама	Жүктеу

Мыналарға:

1) өңірлік үйлестірушінің алғаш талап етуі бойынша осы өтінімді қарау шеңберінде талап етілген банктік және коммерциялық құпияны қамтитын кез келген ақпарат пен құжаттарды беруге және ашуға;

2) өтінімде көрсетілген деректер өзгерген жағдайда өңірлік үйлестірушіні дереу хабардар етуге міндеттенемін.

Мен:

1) өңірлік үйлестіруші мен ӨҮК ұсынылған мәліметтерге тексеру жүргізілетінімен;

2) өңірлік үйлестіруші көрсетілген деректердің дұрыстығын тексеруге міндетті емес екенімен;

3) осы өтінімде қамтылған мәліметтер, сондай-ақ барлық талап етілген құжаттар жетіспейтін инженерлік инфрақұрылымды қаржыландыру үшін ғана ұсынылғанымен;

4) көрсетілген деректер мен ақпараттың анық еместігі анықталған жағдайда осы өтінім оны қараудың кез келген кезеңінде қабылданбайтынымен;

5) өңірлік үйлестіруші осы өтінімде көрсетілген мәліметтерді, ақпаратты және кәсіпкер ұсынған құжаттарды мүдделі үшінші тұлғаларға (ақпарат алу құқығы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген), сондай-ақ кәсіпкерлік жөніндегі

уәкілетті органға, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға, "Бәйтерек" ұлттық инвестициялық холдингі" акционерлік қоғамына, "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасына ұсынатынымен;

б) өңірлік үйлестірушінің осы өтінімді қабылдауы, сондай-ақ кәсіпкердің ықтимал шығыстары (қажетті құжаттарды ресімдеуге және т.б.) өңірлік үйлестірушінің қаржыландыруды беру немесе кәсіпкер шеккен шығындарды өтеу міндеттемелері болып табылмайтынымен келісемін.

Конкурс шарттарымен және инженерлік инфрақұрылымды жүргізу шарттарымен/ талаптарымен таныстым.

Ұсынылған ақпараттың анықтығын растаймын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анық мәліметтер ұсынбағаным үшін жауаптылық туралы хабардармын және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға, сондай-ақ дербес деректер мен өзге де ақпаратты жинауға, өңдеуге, сақтауға, жүктеп шығаруға және пайдалануға келісім беремін.

Өтініш беруші 20__ жылғы "___" _____ сағ. 00:00 қол қойып, жіберді:

ЭЦҚ деректері

ЭЦҚ қойылған күні мен уақыты

Өтінімді қабылдау туралы хабарлама:

Өңірлік үйлестіруші 20__ жылғы "___" _____ сағ. 00:00-де қабылдады:

ЭЦҚ деректері

ЭЦҚ қойылған күні мен уақыты
